



17 31 наурыз  
20 ж. « »

№ 3

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мынадай нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

**1. «Есірткі, психотроптық, және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» 1998 жылғы 14 мамырдағы № 3 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі № 2, 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 19, 2003 жылғы 11 шілдедегі № 7, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы»;

2) бүкіл мәтін бойынша:

«дәрежеленетіні», «дәрежеленеді», «дәрежелеу», «дәрежеленуге», «дәрежеленуді», «дәрежеленуі» деген сөздер тиісінше «сараланатыны», «сараланады», «саралау», «саралануға», «саралануды», «саралануы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ҚІЖК-нің», «ҚК-тің» деген сөздер тиісінше «ҚПК-нің», «ҚК-нің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«заттарды», «заттар» «заттарға» «заттың», «затты», «зат», «заттармен», «заттардың» деген сөздерден кейін тиісінше «сол тектестерді», «сол тектестер», «сол тектестерге», «сол тектестің», «сол тектесті», «сол тектес», «сол тектестермен», «сол тектестердің» деген сөздермен толықтырылсын;

«қылмыс», «қылмыстың», «қылмысты», «қылмысы», «қылмыстары», «қылмыстарды», «қылмыстардың» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық құқық бұзушылықтың», «қылмыстық құқық бұзушылықты», «қылмыстық құқық бұзушулығы», «қылмыстық құқық бұзушулықтары», «қылмыстық құқық бұзушулықтарды», «қылмыстық құқық бұзушулықтардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым)» деген сөздер «қылмыстық топ» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақта:

«Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздер «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279-І Заңына (бұдан әрі – Есірткі туралы заң)» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-1-тармақ алып тасталсын;

5) 2-1-тармақтағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Есірткі туралы заңның 1-бабының 14) тармақшасына сәйкес тасымалдау тәсіліне және сақталатын орнына карамастан Қазақстан Республикасының шегінде есірткінің, психотроптық заттардың немесе прекурсорлардың орнын ауыстыру жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзып жасалған кез келген іс-әрекеттер есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды заңсыз тасымалдау болып табылады.»;

6) 3-1-тармақта:

абзацтардың «а)», «б)», «в)», «г)», «д)» деген әріптермен белгіленуі алып тасталсын;

«ҚК-нің 259-бабының 1-1-бөлігі», «259-бабының 2-бөлігі», «259-бабының 2-1-бөлігі», «259-бабының 3-бөлігі», «259-бабының 4-бөлігі» деген сөздер тиісінше «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 296-бабының төртінші бөлігі», «297-бабының бірінші бөлігі», «297-бабының екінші бөлігі», «297-бабының үшінші бөлігі», «297-бабының төртінші бөлігі» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-1-тармақта:

абзацтардың «а)», «б)», «в)», «г)» деген әріптермен белгіленуі алып тасталсын;

«259-бабының 2-бөлігі», «259-бабының 2-1-бөлігі», «259-бабының 3-бөлігі», «259-бабының 4-бөлігі» деген сөздер тиісінше «297-бабының бірінші бөлігі», «297-бабының екінші бөлігі», «297-бабының үшінші бөлігі», «297-бабының төртінші бөлігі» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8-тармақтағы «259-бабының 3-бөлігінің «б» тармағы бойынша» деген сөздер «297-бабының үшінші бөлігінің 2-тармағы бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9-1-тармақта:

абзацтардың «а)», «б)», «в)», «г)» деген әріптермен белгіленуі алып тасталсын;

«259-бабының 2-бөлігі», «259-бабының 2-1-бөлігі», «259-бабының 3-бөлігі», «259-бабының 4-бөлігі» деген сөздер тиісінше «297-бабының бірінші бөлігі», «297-бабының екінші бөлігі», «297-бабының үшінші бөлігі», «297-бабының төртінші бөлігі» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 9-2-тармақта:

«259-бабының» деген сөздер «296, 297-баптарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 9-3-тармақтағы «259-бабы 3-бөлігінің б) тармағы бойынша», «259-бабы 2-1-бөлігі», «259-бабы 3-бөлігінің в) тармағы бойынша», «259-бабы 3-бөлігінің б) және в) тармақтары бойынша» деген сөздер тиісінше «297-бабы үшінші бөлігінің 2-тармағы бойынша», «297-бабының екінші бөлігі», «297-бабы үшінші бөлігінің 3-тармағы бойынша», «297-бабы үшінші бөлігінің 2 және 3- тармақтары бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 9-4-тармақтағы «Қазақстан Республикасы Заңының» деген сөздер «Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңының» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 10-тармақтағы «250» деген цифрлар «286» деген цифрлармен ауыстырылсын;

14) 11-тармақта:

««Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына» деген сөздер «Есірткі туралы заңға» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

«272» деген цифрлар «310» деген цифрлармен ауыстырылсын;

15) 12-тармақта:

«265-бабының 1-бөлігімен» деген сөздер «303-бабының бірінші бөлігімен» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл әрекетті осы баптың екінші бөлігімен саралау үшін осы ережелерді бұзу салдары - ауыр салдарлардың туындауы немесе есірткінің, психотроптық, улы заттардың, сол текстердің ұрлануы қажетті шарт болып табылады.»;

үшінші сөйлем алып тасталсын;

16) 13-тармақта:

«265-бабының 2-бөлігі», «260-бабының», «265-бабымен» деген сөздер тиісінше «303-бабының екінші бөлігі», «298-бабының», «303-бабымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 14-тармақта:

«Қылмыстық кодекстің 260-бап екінші бөлігінің в) тармағында», «263-баптың үшінші бөлігінде» деген сөздер тиісінше «ҚК-нің 298-бабы екінші бөлігінің 3-тармағында», «301-бабы үшінші бөлігінің 1-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

«265» деген цифрлар «303» деген цифрлармен ауыстырылсын;

18) 15-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Кінәлінің есірткіні немесе психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға ынтаны қоздыруға бағытталған, әртүрлі адамдарға немесе бір адамға қатысты әртүрлі уақытта жасалған әрекетін ҚК-нің 299-бабы екінші бөлігінің

2-тармағы бойынша, екі және одан көп адамдарға қатысты бір мезгілде жасалған осы әрекеттер – аталған баптың үшінші бөлігінің 1-тармағы бойынша саралануға жатады.»;

үшінші абзацтағы «Қылмыстық кодекстің 261-бабы» деген сөздер «ҚК-нің 299-бабы» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «ҚК-тің 261-бабы үшінші бөлігі б) тармағының және 103-баптың сәйкес бөлігімен дәрежеленуі керек.» деген сөздер «ҚК-нің 299-бабы үшінші бөлігінің 2-тармағымен және 106-бабының тиісті бөлігімен саралануы керек.» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы «ҚК-тің 261-бабы үшінші бөлігінің а) тармағы» деген сөздер «ҚК-нің 299-бабы үшінші бөлігінің 1-тармағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 16-тармақтағы «264» деген цифрлар «302» деген цифрлармен ауыстырылсын;

20) 17-1-тармақ алып тасталсын;

21) 18-тармақта:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері ҚК-нің 296-бабына ескертпеде көрсетілген, келтірілген тізбе толық болып табылады.»;

үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Есірткі немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымға түсуіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуға немесе олардың жолын кесуге белсенді көмек көрсету осы қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге, істің нақты мән-жайларын, іс-әрекетті жасауға қатысы бар адамдарды, соңғылардың тұрғылықты жерін анықтауға және оларды ұстап алуға, есірткі немесе психотроптық заттарды табуға және т.б. бағытталған қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын органдардың іс-шараларына субъектінің өзінің еркімен қатысуын көздейді.»;

22) 19-тармақтағы «88» деген цифрлар «91» деген цифрлармен ауыстырылсын;

23) 20-тармақтағы «ҚІЖК-нің 121-бабы 3-бөлігінің 2-тармағына» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабы үшінші бөлігінің 2-тармағына» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 21-тармақтағы «387» деген цифрлар «405» деген цифрлармен ауыстырылсын;

25) 22-тармақтағы 2, 3, 4 абзацтардың сызықша белгісімен белгіленуі алып тасталсын.

**2. «Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) тақырыбында:

«жүргізген» деген сөз «жүргізетін» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Соты Пленумының Қаулысы 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 Қаулысы» деген сөздер «Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі «Пленумы» деген сөз «жалпы отырысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) бүкіл мәтін бойынша «ҚІЖК-нің», «ҚІЖК-да» деген сөздер тиісінше «ҚПК-нің», «ҚПК-да» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жекеше айыптаушының шағымы болмаған кезде қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;»;

үшінші абзац алып тасталсын;

4, 5-абзацтардың сызықша белгісімен белгіленуі алып тасталсын;

бесінші абзацта:

«ҚІЖК-нің 33-бабының 2-бөлігінде», «ҚК-тің 69, 75, 85 баптарында», «ҚК-тің 67-бабында» деген сөздер тиісінше «ҚПК-нің 32-бабының төртінші бөлігінде», «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 71 және 88-баптарында», «ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы «қылмыс», «қамауға алған» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылық», «күзетпен ұсталған» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3-тармақта:

бірінші абзацта:

«39-47-баптарының» деген сөздер «37-бабынан бастап 42-бабын қоса алғанда» деген сөздермен ауыстырылсын;

«40» деген цифрлар «38» деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі» деген сөздерден кейін «№ 2143-ХІІ» деген сөздермен ауыстырылсын толықтырылсын;

6) 5-тармақтағы «13-бабының 2-бөлігіне, 14-бабының 8-бөлігіне» деген сөздер «13-бабының екінші бөлігіне және 14-бабының сегізінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 6-тармақтағы «37-бабының 1-бөлігінде», «43-бабының 1-бөлігіне» деген сөздер тиісінше «38-бабының бірінші бөлігінде», «40-бабының бірінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 7-тармақтағы «44-бабының 1-бөлігіне» деген сөздер «41-бабының бірінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;



9) 8-тармақтағы «40-бабының 2-бөлігінде», «40-бабының 5-бөлігінде», «43-бабының 3-бөлігіне» деген сөздер тиісінше «38-бабының екінші бөлігінде», «38-бабының үшінші бөлігінде», «40-бабының үшінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 9-тармақта:

бірінші абзацтағы «зиянды өтеу тәртібі туралы хабарламаны алған күннен бастап есептелетін ҚПК-нің 45-бабында көрсетілген мерзімдер» деген сөздер «құқықтарды қалпына келтіру тәртібі түсіндірілетін хабарлама алынған күннен бастап алты ай» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүліктік зиянды өтеу туралы талап ҚПК-нің 40-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген тиісті сотқа тікелей жіберілуі мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«ҚПК-нің 40-бабының бірінші бөлігіне және «Сот бойынша ақталған адамға, қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1218 қаулысына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-қимылдарының салдарынан келтірілген мүліктік зиян: олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды; соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті; соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды; заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды; қылмыстық қудалау салдарынан болған өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды. Сонымен қатар қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-қимылдарының салдарынан келтірілген мүліктік зиянды толық көлемде өтеткізуге құқығы бар адамдардың еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де құқықтарын қалпына келтіруге, сондай-ақ моральдық зиянның салдарын жойғызуға құқығы бар.»;

11) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Судья моральдық зиянның салдарын жойғызу туралы талапты ҚПК-нің 4-тарауындағы тәртіппен қарайды.

Келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен ғана қойылады.

Егер ҚПК-нің 4-тарауында көзделген тәртіппен зиянды өтеу туралы талапты беруге алты айлық мерзім өткізіп алынса, онда адам азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгінуге құқылы.»;

12) 11-тармақтағы «анықтау, алдын ала тергеу органдары, прокуратура және үкімді шығарған» деген сөздер алып тасталсын;

13) 12-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Зиянның мөлшерін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларына сәйкес анықтаған кезде қылмыстық процесті жүргізетін органдардың әрекеттері заңсыз болып танылатын сәттер мен мерзімдерді анықтайтын мән-жайларға назар аударған жөн. Атап айтқанда, ҚПК-нің 38-бабы екінші бөлігінің 4-тармағына сәйкес жасалған іс-әрекетінің саралануы ҚК-нің оны жасағаны үшін күдік келтіру немесе айыптау кезінде ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға жол берілмейтін неғұрлым жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін бабына өзгертілген не осы бап бойынша неғұрлым жеңіл жаңа жаза тағайындалған немесе үкімнен айыптау бөлігі алып тасталған және осыған байланысты жазасы төмендетілген жағдайларда, сол сияқты соттың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын немесе мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану туралы заңсыз шешімінің күші жойылған жағдайда адамның ұсталуға немесе бұлтартпау шарасын қолдануға не қылмыстық жазасын қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түрінде өтеуге байланысты адамның күзетпен ұталуын заңсыз деп таныған жөн. Бұл ретте күзетпен ұстаудың, қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалаудың нақты өтелген мерзімі ҚК-нің кінәлі адам жасаған іс-әрекет жаңадан сараланған бабында көзделген қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғары мөлшерінен асатын бөлігінде заңсыз өтелген болып есептеледі. Егер ҚК-нің қылмыстық құқық бұзушылық жаңадан сараланған бабында жаза ретінде қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру көзделмесе, онда күзетпен ұстау, қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру жазасының ҚК-нің аталған бабында көзделген жаза орнына есептеліне алмайтын бөлігі заңсыз өтелген болып саналады.»;

14) 13-тармақтағы «40-бабының 4-бөлігіне» деген сөздер «38-бабының төртінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүліктік зиянды өтеу туралы талапты ҚПК-нің 40-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен судья жеке-дара қарайды. ҚПК-нің 38-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-қимылдарының салдарынан келтірілген мүліктік зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі. Сот отырысына қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының ағымдағы жылға арналған бюджеті туралы заңына сәйкес қаражат бөлінген мемлекеттік органның өкілі мемлекеттің атынан қатысады. Егер Бюджет туралы заңда мұндай орган белгіленбесе, онда өндіріп алу Республиканың Қаржы министрлігінен жүргізіледі. Көрсетілген өкілдің немесе талап еткен адамның сот отырысына келмеуі оны қарауға кедергі келтірмейді.»;

16) 16-тармақтағы «44» деген цифрлар «41» деген цифрлармен ауыстырылсын;

17) 17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. ҚПК-нің 415-бабының екінші бөлігіне сәйкес судьяның зиянды өтеу туралы талапты қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулысына ҚПК-нің 48-тарауында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін.»;

18) 20-тармақтағы «заңсыз қамауға алу» дегент сөздер «заңсыз күзетпен ұстау» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) мынадай мазмұндағы 22-тармақпен толықтырылсын:

«22. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданылатын құқықтың құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.».

**3. «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы № 2:**

1) тақырыбындағы «қылмысқа» «қылмыстар» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылықтарға», «қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспеде және 1-тармақта:

«ұйымдасқан қылмыстық топ, банда мен қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым)» деген сөздер «банда немесе басқа қылмыстық топ» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қылмыстар», «қылмыстардың» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылықтар», «қылмыстық құқық бұзушылықтардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2-тармақтағы «Қылмысқа», «қылмыс» деген сөздер тиісінше «Қылмыстық құқық бұзушылыққа», «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-тармақта:

«қылмыс», «ұйымдасқан топ болып», «ҚК-нің», «Қылмыс», «қылмысқа» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық топ», «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК)», «Қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық құқық бұзушылыққа» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қылмыстық құқық бұзушылық, егер оны ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым жасаса, қылмыстық топ жасаған белгі бойынша саралануы мүмкін.»;

5) 4-тармақтағы «қылмыстық», «қылмысты» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық құқық бұзушылықтарды» деген сөздермен ауыстырылсын;



6) 5-тармақтағы «кылмыс», «кылмысты», «кылмыстың» деген сөздер тиісінше «кылмыстық құқық бұзушылық», «кылмыстық құқық бұзушылықты», «кылмыстық құқық бұзушылықтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 6-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ҚК-нің 31-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кылмыстық топ деп ҚК-нің 262, 263, 264, 265-баптарының бірінші бөліктері оларды құру үшін жауаптылық көзделген ұйымдасқан топ, кылмыстық ұйым, кылмыстық қоғамдастық, трансұлттық кылмыстық ұйым, трансұлттық кылмыстық қоғамдастық қана емес, ҚК-нің 257, 268 және 267-баптарының бірінші бөліктері оларды құру үшін жауаптылық көзделген террористік топ, экстремистік топ, тұрақты қарулы топ (банда) және заңсыз әскерилендірілген құралым да түсініледі.»

екінші абзацтағы «ұйымдасқан» деген сөз алып тасталсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

8) 7-тармақта:

«237-бабының 1-бөлігіне» деген сөздер «268-бабының бірінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

«кылмыстарды» деген сөз «кылмыстық құқық бұзушылықтарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 10-тармақта:

«251», «237» деген цифрлар «287», «268» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«кылмыстардың» деген сөз «кылмыстық құқық бұзушылықтардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 11-тармақтағы «Ұйымдасқан кылмыстық топ пен банданың», «Ұйымдасқан кылмыстық топ пен банда» деген сөздер тиісінше «Банданың немесе басқа кылмыстық топтың», «Банда немесе басқа кылмыстық топ» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12-тармақтағы «Ұйымдасқан кылмыстық топты, банданы немесе кылмыстық сыбайластықты (кылмыстық ұйымды)» деген сөздер «Банданы немесе басқа кылмыстық топты» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 13-тармақта:

«Ұйымдасқан кылмыстық топқа, бандаға немесе кылмыстық сыбайластыққа (кылмыстық ұйымға)», «Ұйымдасқан кылмыстық топ немесе банда» деген сөздер тиісінше «Бандаға немесе басқа кылмыстық топқа», «Банда немесе ұйымдасқан кылмыстық топ» деген сөздермен ауыстырылсын;

«кылмыстарға» деген сөз «кылмыстық құқық бұзушылықтарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 14-тармақта:

«Ұйымдасқан кылмыстық топқа, бандаға немесе кылмыстық сыбайластыққа (кылмыстық ұйымға)», «Бандаға немесе кылмыстық сыбайластыққа (кылмыстық ұйымға)» деген сөздер «Бандаға немесе басқа кылмыстық топқа» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қылмыстарды», «қылмыстарға» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылықтарды», «қылмыстық құқық бұзушылықтарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Банданы немесе басқа қылмыстық топты құрған не оларға басшылық жасаған адамның іс-әрекеттері ҚК-нің 31-бабы төртінші бөлігінің талаптарының негізінде ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының бірінші бөліктері бойынша, сонымен қатар, егер олар оның пиғылында болса, банда немесе басқа қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті баптары бойынша тиісінше саралануға жатады. Бұл ретте ұйымдастырушы (басшы) бір мезгілде қылмыстық құқық бұзушылықты бірге орындаушы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабы бойынша саралау ҚК-нің 28-бабына сілтеме жасалып жүзеге асырылады.

Банда немесе қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарға тікелей қатысқан банданың немесе басқа қылмыстық топтың ұйымдастырушысының не басшысының әрекеттері ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының екінші бөліктері бойынша қосымша саралануға жатпайды.

Бандаға немесе басқа қылмыстық топқа қатысушылардың (мүшелердің) әрекеттерін тиісінше ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының екінші бөліктері бойынша, сондай-ақ олар дайындауға немесе жасауға қатысқан құқық бұзушылықтар үшін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті баптары бойынша саралау қажет.

16. Банда немесе басқа қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысқан адам, ол банда жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарға сыбайлас қатысушы екендігін білген жағдайларда ғана тиісінше ҚК-нің 257, 262, 263, 264, 265, 267 және 268-баптарының екінші бөліктері бойынша жауапты болады. Адам қылмыстық құрылым жөнінде білмеген жағдайда, ол өзі біліп бірге қатысқан қылмыс үшін ғана жауапты болады.»;

15) 17-тармақта:

«қылмыстарды», «қылмыстар», «қылмыс», «қылмысы» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылықтарды», «қылмыстық құқық бұзушылықтар», «қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық құқық бұзушылығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Ұйымдасқан қылмыстық топтың, банданың немесе қылмыстық сыбайластықтың (қылмыстық ұйымның)» деген сөздер «Банданың немесе басқа қылмыстық топтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«12-бабының 1-бөлігінде» деген сөздер «13-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 18-тармақта:

«қылмыстардан», «қылмыстарды» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылықтардан», «қылмыстық құқық бұзушылықтарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

«237-бабының» деген сөздер «268-бабының» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 19-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Соттардың назары банданың немесе басқа қылмыстық топтың құрамында жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін кінәлі адамдарға жаза тағайындау кезінде жауаптылықты даралау қағидатын бұлжытпай сақтаудың маңыздылығына аударылсын.»;

18) мынадай мазмұндағы 20-тармақпен толықтырылсын:

«20. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданылатын құқықтың құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.».

**4. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 6, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 11 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша «67» деген цифрлар «68» деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша «ҚЖК-нің», «ҚЖК-ге», «ҚЖК-не» деген сөздер тиісінше «ҚПК-нің», «ҚПК-ге», «ҚПК-не» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) кіріспеде:

«ҚК-нің» деген сөз «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК-нің)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қылмыс» деген сөз «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-тармақта:

бірінші абзацта:

«жәбірленушінің» деген сөзден кейін «, арыз берушінің» деген сөздермен толықтырылсын;

«оның», «қылмысты» деген сөздер тиісінше «олардың», «қылмыстық құқық бұзушылықтарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жәбірленушімен» деген сөзден кейін «, арыз берушімен» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта:

«қылмыс» деген сөз «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және жәбірленушіге» деген сөздер «жәбірленушіге және арыз берушіге» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК-нің)» деген сөздер «ҚК-нің» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3, 3-1, 3-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстық теріс қылық жасаған адам, егер ол келтірілген зиянның ессін толтырса және ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса немесе медиация тәртібімен татуласса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуға жатады.

3-1. ҚК-нің 68-бабы бірінші бөлігінің ережелері онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға қатысты мынадай негіздердің жиынтығы болған кезде қолданылады:

олар жасаған қылмыстық жазаланатын әрекет қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады;

қылмыс жасаған адам жәбірленушімен, арыз берушімен, сондай-ақ медиация тәртібімен татуласса;

қылмыс жасаған адам жәбірленушіге, арыз берушіге жасаған қылмысымен келтірген зиянның ессін толтырса.

Санамаланған негіздердің ең болмағанда біреуі болмаған жағдайда ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігін қолдануға жол берілмейді.

Бұл ретте адам қылмыстық теріс қылықты немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасағандығының не оның әрекеттерінде қылмыстардың бірнеше рет жасалуының, жиынтығының немесе қайталануының бар болуының, алдыңғы үкім бойынша жазасы өтелген-өтелмегендігінің немесе жаңа қылмыс жазасын өтеу кезеңінде не пробациялық бақылау немесе үкімді орындаудың мерзімін кейінге қалдыру не шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде жазасының өтелмей қалған бөлігінің ішінде жасағандығының маңызы жоқ.

ҚК-нің 68-бабы бірінші бөлігінің ережелерін қолданған кезде осы бапта көрсетілген істі тоқтату негіздері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 32-бабының екінші және төртінші бөліктерінде, 35-бабы бірінші бөлігінің 5, 7-тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерге қолданылмайды.

3-2. ҚК-нің 68-бабының екінші бөлігі бойынша қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты жасағаны туралы істі тоқтату жөніндегі мәселені шешу, егер бұл қылмысты адамдар алғаш рет жасаса, мүмкін болады. Олардың толық тізбесі ҚК-нің 68-бабының екінші бөлігінде көрсетілген.

ҚК-нің 68-бабы екінші бөлігінің ережелері қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты мынадай негіздердің жиынтығы болған кезде қолданылады:

қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар,

жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер жасаса;

кінәлі адам жасаған іс-әрекет қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмыстар санатына жатса;

қылмыс жасаған адам жәбірленушімен, арыз берушімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса;

қылмыс жасаған адам жәбірленушіге, арыз берушіге жасаған қылмысымен келтірген зиянды қалпына келтірсе.

Санамаланған негіздердің ең болмағанда біреуі болмаған жағдайда ҚК-нің 68-бабының екінші бөлігін қолдануға жол берілмейді.

Кәмелетке толмаған адамды қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатқан жағдайда оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.»;

6) 4-тармақта:

«орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамға ҚК-нің 67-бабының 1-бөлігін» деген сөздер «ауыр қылмыс жасаған адамға ҚК-нің 68-бабының екінші бөлігін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«77» деген цифрлар «79» деген цифрлармен ауыстырылсын;

7) 5-тармақта:

«қылмыс», «қылмысқа» деген сөздер тиісінше «қылмыстық құқық бұзушылық», «қылмыстық құқық бұзушылыққа» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жәбірленушінің» деген сөзден кейін «, арыз берушінің» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 6-тармақта:

«Жәбірленушіге», «жәбірленушінің» деген сөздерден кейін тиісінше «, арыз берушіге», «, арыз берушінің» деген сөздермен толықтырылсын;

«қылмыс» деген сөз «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 7-тармақта:

«Жәбірленушінің», «жәбірленуші» деген сөздерден кейін тиісінше «, арыз берушінің», «, арыз беруші» деген сөздермен толықтырылсын;

«қылмыс» деген сөз «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 8-тармақта:

«Жәбірленушінің», «жәбірленушінің», «жәбірленуші» деген сөздерден кейін тиісінше «, арыз берушінің», «, арыз беруші» деген сөздермен толықтырылсын;

«қылмыс» деген сөз «қылмыстық құқық бұзушылық» деген сөздермен ауыстырылсын;



11) 9-тармақтағы «75» деген цифрлар «71» деген цифрлармен ауыстырылсын;

12) 9-1-тармақта:

бірінші абзацтағы «67-бабының бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінің» деген сөздер «68-бабының бірінші, екінші бөліктерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«(жеке немесе заңды тұлға)» деген сөздерден кейін «, арыз беруші» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта:

«қылмыспен» деген сөздер «қылмыстық құқық бұзушылықпен» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жәбірленуші» деген сөзден кейін «, арыз беруші» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы «307-бабына ескертудің бесінші бөлігінде» деген сөздер «3-бабының 29-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 9-2-тармақтағы «38» деген цифрлар «36» деген цифрлармен ауыстырылсын;

14) 10-тармақтағы «ҚІЖК-нің 7-бабының 22-тармағында» деген сөздер «ҚПК-нің 7-бабының 13-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. ҚК-нің 68-бабының төртінші бөлігіне сәйкес татуласуына байланысты мынадай құқық бұзушылықтарды жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға жол берілмейді:

адам өліміне не екі және одан да көп адамның өліміне әкеп соққан абайсызда жасалған қылмыстар;

сыбайлас жемқорлық қылмыстар;

террористік қылмыстар;

экстремистік қылмыстар;

қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар;

жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар.»;

16) 11-тармақ алып тасталсын;

17) 12-тармақта:

бірінші абзац алып тасталсын;

екінші абзацтағы «ҚІЖК-нің 7-бабының 24-тармағында» деген сөздер «ҚПК-нің 7-бабының 11-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 13-тармақтағы «67-бабының 1-бөлігінде» деген сөздер «68-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 13-1-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңның көрсетілген нормаларын қолдану кезінде жәбірленушілердің, арыз берушілердің ұстанымымен қатар, әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды

сипаттайтын деректер, қылмыстық құқық бұзушылықтан туындаған салдарлар және істің басқа да елеулі мән-жайлары ескерілуге тиіс.»;

үшінші абзац алып тасталсын;

20) 13-2-тармақтағы «жәбірленушімен», «Жәбірленушімен» деген сөздерден кейін «, арыз берушімен» деген сөздермен толықтырылсын;

21) 15-тармақта:

бірінші абзацта:

«38-бабының 1-бөлігіне» деген сөздер «36-бабының бірінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

«67-бабын» деген сөздер «65-бабының бірінші бөлігінде, 66, 67-баптарында, 68-бабының екінші, үшінші бөліктерінде, 69-бабының бірінші бөлігінде, 83-бабының бірінші, үшінші бөліктерінде, сонымен қатар 441, 442, 444, 445, 446, 447, 448, 453-баптарының ескертпелерінде көзделген жағдайларда 68-бабын» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «шын мәнісінде кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыс құрамы және ҚК-нің 67 бабын қолдану үшін негіз бар» деген сөздер «іс жүзінде олар бойынша ҚК-нің 68-бабы қолданылуы мүмкін» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 16-тармақта:

«жәбірленушіге», «Жәбірленушіге», деген сөздерден кейін «, арыз берушіге» деген сөздермен толықтырылсын;

«38-бабының 5-бөлігіне» деген сөздер «36-бабының бесінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 17-тармақта:

«269-бабының 5-8 бөліктері, 307, 325, 377 – 380, 383-баптары» деген сөздер «288-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктері 327, 344, 395, 396, 397, 398, 401-баптары» деген сөздермен ауыстырылсын;

«емес» деген сөзден кейін «ауыр» деген сөзбен толықтырылсын;

«67-бабының 1-бөлігін» деген сөздер «68-бабының екінші бөлігін»;

24) 18-тармақтағы «жәбірленушімен» деген сөзден кейін «арыз берушімен» деген сөздермен толықтырылсын;

25) 19-тармақтағы «және қадағалау сатысындағы» деген сөздер «сатыдағы» деген сөзбен ауыстырылсын;

26) мынадай мазмұндағы 20-тармақпен толықтырылсын:

«20. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданылатын құқықтың құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.».

**5. «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 8, 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 4 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) бүкіл мәтін бойынша:  
«ҚІЖК-нің» деген сөз «ҚПК-нің» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«процессуалдық» деген сөз «процестік» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«өтініш», «өтініші», «өтініштерді», «өтініштер», «өтінішті» деген сөздер тиісінше «өтінішхат», «өтінішхаты», «өтінішхаттарды», «өтінішхаттар», «өтінішхатты» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-тармақта:

екінші сөйлем алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

«ҚПК-нің 106-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес тергеу судьясы шағымды сот отырысын өткізбей жеке-дара қарайды. Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы шағымды жабық сот отырысында тиісті адамдар мен прокурордың қатысуымен қарайды, олардың келмеуі шағымды қарауға кедергі келтірмейді. Тергеу судьясының өкімі бойынша сот отырысы бейнебайланыс режимінде өткізілуі мүмкін.»;

3) 7-тармақтағы «4-бөлігіне», «1-бөлігіне» деген сөздер тиісінше «төртінші бөлігіне», «бірінші бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын»;

4) 9, 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. ҚПК-нің 347-1-бабының талаптарына сәйкес сот отырысының барысын түсіріп алуды сот отырысының хатшысы аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен жүзеге асырады. Жабдықтардың техникалық ақауының болуынан аудио-, бейнежазба құралдарын пайдаланудың мүмкін болмауы сот отырысының хаттамасында аудио-, бейнежазбаны пайдаланбау себептерін міндетті түрде көрсете отырып, сот отырысын жалғастыруды жоққа шығармайды.

Соттың сот отырыстарында аудио-, бейнежазбаны қолдануы сот ісін жүргізу мақсатында ғана сот талқылауының барысын дәл түсіріп алу үшін, сондай-ақ іс бойынша нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады, бұл соттың жариялылық қағидатты жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

10. Төрағалық етуші процеске қатысушылардың келісімімен бүкіл бас сот талқылауының барысында, сондай-ақ бас сот талқылауының белгілі бір бөлігінде процеске кейбір қатысушылар мен өзге де адамдарға қатысты суретке түсіруге, аудио-, бейнежазбаны қолдануға рұқсат ете алады. Бұл әрекеттер сот талқылауының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс.»;

5) 11-тармақтағы «бейне-жазуды» деген сөздер «аудио-, бейнежазбаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13-тармақтағы «және қадағалау» деген сөздер алып тасталсын.

**6. «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 9 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық процестік заңнаманы қолдану практикасы туралы»;

2) бүкіл мәтін бойынша:

«ҚІЖК-нің» деген сөз «ҚПК-нің» деген сөзбен ауыстырылсын;

«процессуалдық» деген сөз «процестік» деген сөзбен ауыстырылсын;

«сезіктіге», «Сезіктіге», «сезіктінің», «сезіктілікті», «сезікті», «сезіктіні» деген сөздер тиісінше «күдіктіге», «Күдіктіге», «күдіктінің», «күдікті», «күдіктіні» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) кіріспеде:

екінші абзацта:

«барлық кезеңінде» деген сөздерден кейін «қорғануға құқығы бар куәгерге,» деген сөздермен толықтырылсын;

«сотталғанға» деген сөзден кейін «, ақталғанға» деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы «алдын ала тергеу» деген сөздер «сотқа дейінгі тергеп-тексеру» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта:

«жолсыздықтарды жою,» деген сөздерден кейін «қорғануға құқығы бар куәгердің,» деген сөздермен толықтырылсын;

«сотталғанның» деген сөзден кейін «, ақталғанның» деген сөзбен толықтырылсын;

4) 1-тармақта:

«іс жүргізудегі» деген сөздерден кейін «қорғануға құқығы бар куәгердің,» деген сөздермен толықтырылсын;

«Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай мәтін бойынша-ҚІЖК)» деген сөздер «Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) деген сөздермен ауыстырылсын»;

5) 2-тармақта:

«Сезіктінің» деген сөз «Қорғануға құқығы бар куәгердің, күдіктінің,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«сотталғанның» деген сөзден кейін «, ақталғанның» деген сөзбен толықтырылсын;

«, тағылған айыпты» деген сөздер алып тасталсын;

«айыпкер ретінде жауапқа тартылудан,» деген сөздер «күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарудан, » деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 3-тармақтағы «органдардың» деген сөзден кейін «қорғануға құқығы бар куәгердің» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әркімге білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік беретін Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 3-тармағының, ҚПК-нің 27-бабының негізінде қорғаушы ретінде адвокат қатыса алады және адвокатпен қатар қорғаушылар ретінде ғана іске қатыса алатын, ҚПК-нің 66-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдар жіберілуі мүмкін.»;

- 8) 5-тармақта:  
«іске қатысуға жіберіледі» деген сөздер «іске кіріседі» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«70», «72» деген цифрлар тиісінше «66», «68» деген цифрлармен ауыстырылсын;
- 9) 7-тармақтың екінші абзацында:  
«сезіктінің» деген сөз «қорғалуға құқығы бар куәгердің, күдіктінің,» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«сотталғанның» деген сөзден кейін «, ақталғанның» деген сөзбен толықтырылсын;
- 10) 8-тармақтағы «71» деген цифрлар «67» деген цифрлармен ауыстырылсын;
- 11) 9-тармақта:  
«Сезіктінің» деген сөз «Қорғануға құқығы бар куәгердің, күдіктінің,» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«сотталушының,» деген сөзден кейін «сотталғанның, ақталғанның» деген сөздермен толықтырылсын;
- 12) 10-тармақта:  
бірінші абзацта:  
«нақтылы жағдайда» деген сөздерден кейін «қорғануға құқығы бар куәгердің,» деген сөздермен толықтырылсын;  
«сотталушының» деген сөзден кейін «,сотталғанның және ақталғанның» деген сөздермен толықтырылсын;  
үшінші абзацтағы «241-бабының 1-бөлігінің 3-тармағына» деген сөздер «271-бабының бірінші бөлігінің 4-тармағына» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 13) 11-тармақтағы «оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған уақыттан, ал айыпталушыға айып тағылған кезден бастап,» деген сөздер «оған бұлтартпау шарасы қолданылған уақыттан бастап күдіктінің әрекеті туралы қаулыны хабарлағанға дейін,» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 14) 12-тармақтағы «айыпталушыға» деген сөз алып тасталсын;
- 15) 13-тармақта:  
екінші абзацта:  
«, айыпталушыға олардың», «олардан жауап алу» деген сөздер тиісінше «оның», «одан жауап алу» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«тергеудің аяқталуы және сот талқылауында» деген сөздер «сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы және сот талқылауы сатыларында» деген сөздермен ауыстырылсын;  
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның, олардың қорғаушыларының қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысканына-қатыспағанына қарамастан, оларға тиесілі барлық қорғану құқықтары сақталады және осы



құқықтардың шектелуі немесе кемсітілуі қорғану құқығын бұзушылық болып табылады.»;

16) 14-тармақтағы «102-бабының 6-бөлігіне» деген сөздер «99-бабының алтыншы бөлігіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 15-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғаушыдан бас тарту мынадай жағдайларда: күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған, акталған немесе айыпталушы кәмелетке толмаса; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған, акталған немесе айыпталушы өзінің дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса; күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған, акталған немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе; айыпталушы стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілген болса; жазалау шарасы ретінде өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмыстарды жасады деп адамға күдік келтірілген кезде қабылданбайды, сондай-ақ ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда.»;

үшінші абзацта:

«97-бабының 1-бөлігінде» деген сөздер «94-бабының бірінші бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«сотталушыны» деген сөзден кейін «,сотталғанды және акталғанды» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацтағы «109», «403» деген цифрлар тиісінше «106», «422» деген цифрлармен ауыстырылсын;

18) 16-тармақта:

«Сезіктіні» деген сөз «Күдіктіні, қорғануға құқығы бар куәгерді,» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта:

«айыпталушының,» деген сөзден кейін «,сотталушының, сотталғанның» деген сөздермен толықтырылсын;

«тергеудің» деген сөз «сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 17-тармақтағы «сотталғанға» деген сөзден кейін «, акталғанға» деген сөздермен толықтырылсын;

20) 18-тармақта:

«айыпталушының,» деген сөзден кейін «, сотталушының, сотталғанның» деген сөздермен толықтырылсын;

«және ҚІЖК-нің 303-бабына сәйкес істі қосымша тергеуге жіберуге негіз бола алмайды.» деген сөздер алып тасталсын;

21) 19-тармақтағы «Қылмыстық ізге түсу» деген сөздер «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 20-тармақтағы «415» деген цифрлар «436» деген цифрлармен ауыстырылсын;

23) 21-тармақтағы «(сезіктіге)» деген сөздер «(күдіктіге, сотталушыға)» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 23-тармақта:

үшінші абзацтағы «және қадағалау» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғаушының апелляциялық сатыда қатысуы ҚПК-нің 67-бабында көрсетілген жағдайларда және ҚПК-нің 428-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен қамтамасыз етіледі.»;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Қорғаушының кассациялық сатыда қатысуы ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда жүзеге асырылады. Іс сотталғанның, акталғанның жағдайының нашарлауы туралы мәселе көтерілген жәбірленушінің (азаматтық талапкердің), олардың өкілдерінің өтінішхаты, прокурордың наразылығы бойынша қаралатын жағдайларда қорғаушының кассациялық сатыда қатысуы міндетті болып табылады.»;

25) 24-тармақта:

«Сотталушы» деген сөзден кейін «, акталған адам» деген сөздермен толықтырылсын;

«қадағалау» деген сөз алып тасталсын;

«шағымды», «шағым», «шағым» деген сөздерден кейін «(өтініш хатты)», «(өтінішхаты)», «(өтінішхат)» деген сөздермен толықтырылсын;

26) 25-тармақтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Соттардың сотталғандарға қатысты үкімдерді орындауға байланысты мәселелерді қарау кезінде ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда қорғаушының іске қатысуы міндетті екенін назарда ұстағандары жөн.»;

27) 26-тармақта:

«сотталғанның,» деген сөзден кейін «, акталған адамның» деген сөздермен толықтырылсын;

«және қадағалау» деген сөздер алып тасталсын.

28) 27-тармақта:

бірінші абзацта:

«қызметін бюджет қаржылары есебінен төлеу» деген сөздер «заң көмегін көрсеткініне бюджет қаражатының есебінен ақы төлеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

«176» деген цифрлар «178» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«4-бөлігінде», деген сөздер «төртінші бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғаушы ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігіне, 76-бабының екінші бөлігіне сәйкес іске қатысқан жағдайларда, мемлекетке шығыстарды өтеуден босатуға жол беріледі.

Адвокатқа төленуге жататын соманы есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін жалақының ең төменгі мөлшеріне пайыздық арақатынаста есептелетін сағаттық мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылуға тиіс.».

**7. «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» 2004 жылғы 26 қарашадағы № 16 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 14 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) бүкіл мәтін бойынша:

«ҚІЖК-нің» деген сөз «ҚПК-нің» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 1-тармақта:

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай - ҚІЖК)» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«240» деген цифрлар «270» деген цифрлармен ауыстырылсын;

3) 3-тармақта:

«ҚР ҚІЖК-нің 243» деген сөздер «ҚПК-нің 273» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздер «Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI Заңында» деген сөздермен ауыстырылсын ;

абзацтардың «а)», «б)», «в)» деген әріптермен белгіленуі алып тасталсын;

4) 4-тармақта:

«241», «409» деген цифрлар тиісінше «271», «429» деген цифрлармен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы «кассациялық және қадағалау сатылары соттарының» деген сөздер «кассациялық сатыдағы соттың» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5-тармақта:

екінші абзацтағы «анықтау немесе алдын ала тергеу» деген сөздер «сотқа дейінгі тергеп-тексеру» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы «жүргізу сол сарапшының өзіне» деген сөздерден кейін «немесе өзге сот сарапшысына» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацта:

«жүргізуді сол сарапшының өзіне тапсыруға болмайды.» деген сөздер «жүргізу сот сарапшыларының комиссиясына тапсырылады.» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Алдыңғы сот сараптамасын жүргізген сот сарапшылары сараптаманы қайта жүргізген кезде қатысып, комиссияға түсініктемелер бере алады, бірақ олар сараптамалық зерттеуге және тұжырым жасауға қатыспайды.»;

«249», «250», «255» деген цифрлар тиісінше «281», «282», «287» деген цифрлармен ауыстырылсын;

6) 8-тармақта:

«247» деген цифрлар «279» деген цифрлармен ауыстырылсын;  
«50-бабының бірінші бөлігінің 4) тармағына» деген сөздер  
«45-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағына» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. ҚПК-нің 341-бабына сәйкес сараптаманы тағайындау іс бойынша тыңдауды кейінге қалдыру үшін негіз болып табылады. Сараптама қорытындысы алынғаннан кейін сот талқылауы жалғастырылады.

Соттар сараптама жүргізу мерзімін бақылауға алып және қажет болған жағдайларда сараптама мекемелерінен сараптама қорытындысының дайындығы туралы сұрауы керек.»;

8) 12-тармақтағы абзацтардың «а)», «б)», «в)», «г)», «д)» деген әріптермен белгіленуі алып тасталсын;

9) 13-тармақтағы «251» деген цифрлар «283» деген цифрлармен ауыстырылсын;

10) 14-тармақтағы абзацтардың «1)», «2)», «3)», «4)», «5)» деген цифрлармен белгіленуі алып тасталсын;

11) 15-тармақта:

«355» деген цифрлар «374» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«253-бабы үшінші бөлігінің» деген сөздер «285-бабы төртінші бөлігінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18-тармақтағы «371», «121» деген цифрлар тиісінше «390», «118» деген цифрлармен ауыстырылсын.

**8. «Сот отырысының хаттамасы жөнінде қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын қолдану туралы» 2005 жылғы 23 желтоқсандағы №11 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы №15, 2011 жылғы 21 сәуірдегі №1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):**

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қылмыстық-процестік заңның сот отырысының хаттамасы жөніндегі нормаларын қолдану туралы»;

2) бүкіл мәтін бойынша:

«ҚІЖК-нің» деген сөз «ҚПК-нің» деген сөзбен ауыстырылсын;

«301» деген цифрлар «321» деген цифрлармен ауыстырылсын;

3) 1-тармақтағы «және қадағалау» деген сөздер алып тасталсын;

4) 3-тармақта:

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай - ҚІЖК)» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«41-44-тарауларында» деген сөздер «43, 44, 45, 46-тарауларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5-тармақта:

2, 3, 4, 5, 6, 7-абзацтардың сызықша белгісімен белгіленуі алып тасталсын;

